

Қазақстан Республикасы  
Жоғары Сотының Төрағасы  
Асанов Жакип Кажманович мырзаға

Тулесинов Қыдыржан Табалдыұлынан  
тұрағы: Маңғыстау облысы,

### А Л Ғ Ы С Х А Т

Аса құрметті ҚР Жоғары Сотының Төрағасы Жакип Кажманович мырза! Сізге осы алғыс хатымды жазу себебім – Сіз арқылы, Сіздің Маңғыстау облыстық сотында қызмет жасайтын әріптестеріңізге алғыс айту!

Мен Тулесинов Қыдыржан Табалдыұлы, Маңғыстау облысының байырғы тұрғыны, жасым елуде, мұнай саласында «Қаражанбасмұнай» АҚ-да 30 жылдан бері еңбек етуші, «жүк ілуші шебері» /мастер/ қызметіндегі қарапайым қызметкермін.

06.09.2017 жылы «Қаражанбаймұнай АҚ-на қарасты мен жұмыс жасайтын БМТС-Ақтау бөлімінде «жазатайым оқиға» орын алып, менің қарамағымда жасайтын 6 адамның біреуінің үстіне вагон есігі құлап, өндірістегі жарақат алды. Осы оқиғаға байланысты мені «жазатайым оқиғаны тексеру аяқталғанша» деген негізбен қызметтен уақытша шеттетті. Одан ары, осы жазатайым оқиғаны тексеру қорытындысымен, жұмыс берушінің /іс бойынша жауапкер/ 22.09.2017 жылғы «қызметтік тексеру жүргізу туралы» хаттама шешімімен мені «тәртіптік жазаға тарту туралы» 03.10.2017 жылғы «1634 к санды» бұйрығы алынып, маған «қатаң сөгіс жариялап, ары қарай лауазымымды төмендету туралы» тәртіптік жаза қолданылды. Сол күннен бастап менің орыныма уақытша басқа шебер тағайындалып, мен қарапайым жүк ілуші қызметімді фактически атқара бастадым. Алайда, арада 13 күн өткесін, маған алдын ала ештеңе айтпастан, 16.10.2017 жылы алынған «№ 1161 лс санды» бұйрықпен мені осы жазатайым оқиға бойынша **екінші рет** тәртіптік жазаға тартып, жұмыстан босатты. Мен бұл бұйрықпен келіспей, ҚР «Еңбек кодексінің» 65 бабына сілтеме жасап, бір оқиға үшін екі рет жазалаудың заңсыздығын көрсетіп, 18.10.2017 жылы жұмыс берушінің жанындағы келісім комиссиясына арыздандым. Келісім комиссиясы менің арызымды 31.10.2017 жылы қарап, дауысқа салу барысында мені жұмысқа қайта алу туралы көпшілік дауыс /5 дауыс «иә», 3 дауыс «жоқ» 2 дауыс «қалыс қалды»/ алдым! Алайда, жұмыс беруші ол күні ешқандай қорытынды жасамай, еш негізсіз, мені өз жұмысыма қайта алудан бас тартты. Жұмыс берушіден «бейбіт келісім» сұрап «мені ол баста бір рет осы үшін жазалады, екінші рет жазалау заңсыз, келісім комиссиясы да екі рет себепсіз өткізіліп отыр» деген уәжбен бірнеше рет бардым! Еш нәтиже болмады!

Сотқа жүгінуден басқа жол қалмай, сотқа талап арыз жаздым. **Ақтау қаласының № 2 сотының 19.02.2018 жылғы шешімімен** менің талап арызымды қанағаттандырудан бас тартылды. Мен ол шешіммен келіспей Маңғыстау облыстық сотына шағым жасадым. **Апелляциялық сатыдағы соттың 05.06.2018 жылғы Қаулысымен** сот шешімі бұзылып, менің талап арызым толық қанағаттандырылды! Алқа соты талап арыздың мән жайын толық және жан-жақты зерделеп, дұрыс шешімге келді, жоғары деңгейдегі кәсіби біліктілік көрсетті деп санаймын! Себебі, жауапкердің мені **бір оқиғаға байланысты екі рет жазалауы**, келісім комиссиясының алғашқы отырысының **қорытындысын заңсыз бұрмалауы**, ол баста «оқыс оқиға» орын алғанда **ол жұмысқа менің жауапты болмағаным т.б.** көптеген жайларды анық зерттеп ашып берді. Одан өзге, менің бір салада 30 жыл бойы тек адал еңбек еткенімді, бағымымда 6 жан бар екенін, ауырулы кәрі шешем, студент балам бар екенін, әр ай сайын төлеп отырған 400 000 теңге несием бар екенін басқа да жайлардың барлығын назардан тыс қалдырмады!

Менің шағымымды қараған Маңғыстау облыстық алқа сотының судьялары: **төрағалық етуші Н.М.Примашев мырза және Б.Ш.Шоқанова мен Г.Қ.Бақытжанова ханымдарға алғысым шексіз!** Жазылған жайлардың негізінде, Сізден аса жоғары дәрежелі, Жоғары Сот Төрағасы ретінде осы судьяларға алғыс жариялауды өтіне сұраймын! Сізге жанұя бақытын, Отанымыздың аса жоғары мәртебелі қызметкері ретінде мол табыс тілеймін! Жоғары Сотқа Сіз басшы болып келгеннен бері сот билігі жұмысы, жалпы сот әділдігі көрінеу ілгері басқандығы ел арасында жиі айтылып жүргендігін қаперіңізге бергім келеді!

11.06.2018 жыл

Тулесинов Қ.Т.

